


Бекітемін:

«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі:

Ажигулова А.К. 

2022—2023 оқу жылына арналған консультациялық
пункт жұмысының жоспары

Консультация тақырыбы	Өткізу уақыты	Мамандар
«Танысканымызға қуаныштымын»	Қыркүйек	Әдіскер
«Бұл не. Ойыншықтармен танысу.	Қазан	Тәрбиеші
«Құм Феяда қонақта»	Қараша	Психолог
«Бала денсаулығын нығайту мен оларды салауатты өмір салтына баулуда ата-ананың рөлі»	Желтоқсан	Мед бике
«Біз қалай балалармен сөйлесеміз?»	Қаңтар	Психолог
«Бала тілін дамытуда отбасының рөлі»	Ақпан	Тәрбиеші
«Кішкентай көмекшілер» /ерте жастағы балаларды ұсақ моторикаға дамыту	Наурыз	Тәрбиеші
«Біздің досымыз-дәрумендер»	Сәуір	Мед бике
Ата-аналар сұранысы бойынша кеңес	Жыл бойы	Психолог
Баланы мектепке дайындау	Мамыр	Психолог

«Жұлдыз- ай» Тамды бөбекжай- балабақшасы

Тақырыбы:
«Танысқанымға қуаныштым»

2022- 2023 оқу жылы

Танысқанымға қуаныштымын»

Мақсаты: Балабақша қызметімен ата- аналарды таныстыру.

Ата- аналарды балабақша тыныс- тіршілігімен таныстырып, үйдегі 2 жасқа толған балаларды балабақшаға алып келу жолдарымен таныстыру. Балабақшаның бала өміріндегі алатын орны жөнінде таныстыру жұмыстарын орындау.



«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы:

«Бұл не? Ойыншықтармен танысу»

Өткізген: Абдрахманова М.Х.

2022-2023 оқу жыл

Тақырыбы: «Бұл не? Ойыншықтармен танысу»

Мақсаты: Айналадағы заттар, олардың сапасы, қасиеті, неден жасалғандығы туралы түсініктерін жүйелеп қорытындылау, тақырып бойынша тілдік қорын, ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту, ойыншықтарға ұқыппен қарауға тәрбиелеу.

Бұл ойыншықтар барлық жастағы балаларға арналған. Олар баланың ақыл-ойының дамуына, жалпы ой өрісінің кеңеюіне мүмкіндік туғызады.

Ойыншық – баланы жан-жақты тәрбиелеумақсатына пайдаланылады.

Баланың дүниетанымын кеңейтуге көмектеседі, белгілі бір мақсаттағы, ойластырылған әрекетке үйретеді, қиялындамытып, еңбекке сүйіспеншілігін, техникаға қызығушылығын, білуге құмарлығын, аңғарғыштығын қалыптастырады, талғампаздыққа тәрбиелейді, өнерге ынталандырады.

• Дидактикалық ойыншықтар:

• Баланың ойлау қабілетін, дұрыс сөйлеу мәнерін дамытуға, оның білімі, шеберлігін және дағдысын қалыптастыруға көмектеседі. Ойнай жүріп балазатты танып біледі, оның түрін, көлемін, түсінажыратады.

• Дидактикалық ойыншықтарға жататындар: біртүсті және түрлі түсті сақиналардан жасалған конусты күмбездер, бірінің ішіне бірі салынатын әртүрлі тостағандар, бөшкелер, шарлар, матрешкалар, әртүрлі серіппелі, бұрандалы ойыншықтар т.б.

Бейнелік ойыншықтар:

• Қазақша нақыштағы ойыншықтар

• Бейнелік, ишара ойыншықтардың тәрбиелік маңызы зор. Оған қуыршақтар (киім-кешек, үй жиһазы, ыдыс-аяқ); адамдар мен жануарларды, табиғат элементтерін бейнелейтін фигуралар жатады. Бұл қуыршақтармен ойнаған балалардың қоршаған орта жайлы түсінігі айқындалып, ұғымы кеңейе түседі, ой-өрісі мен қияли дамып, сөздік қоры артады.

• Техникалық ойыншықтарға жататындар көліктік, құрылыстық т.б. бұйымдар. Балалардың ойын барасында көп күш жұмсамай-ақ еңбек процесін бейнелеуіне мүмкіндік береді.

• Конструкторлық ойыншықтар:

• Конструкторлық ойыншықтар (құрастырмалы, құрастырмалы алмалы-салмалы) тақырыптық, сұлбалық, немесе әмбебап конструкторлар болып бөлінеді. Құрастырмалы алмалы-салмалы ойыншықтар мектеп жасына дейінгі балаларға арналады. Олар арнаулы бекіткіштер арқылы құрастылатын аздаған бөлшектерден тұрады.

• Конструктор — темір, ағаш және пластиктен жасалған бөлшектерді бір-біріне қиыстырып, құрастырып ойнайтын ойыншық.

Конструкторлар балалардың шығармашылық қабілеті мен өзіндік қозғарсын қалыптастырып, жетілдіреді.

• Конструктор ойыншықтардың басты мақсаты – баланы әртүрлі заттарды қайта-қайта құрауға үйретеді. Бала өзі құраған кейбір заттарды, тіпті көпке дейін ойыншық ретінде қолдана алады.



Тақырыбы: «Құм Феяда қонақта»

Орындаған Аскарова А.Р.

2022 жыл

Құм терапиясы - адамға өзінің жан дүниесіндегі өз «Менін», өзін танытуға, өзіне өте маңызды, жан тебіренерлік және құпиясының ашылуына көмектеседі.

Құмдағы терапистің қолданудағы мақсаты: 1. Бала өзін жайлы, қорғалған күйде сезініп, шығармашылық белсенділік танытатын табиғи стимулдық орта қалыптастыру. 2. Танымдық және психикалық процестерді дамыту; түйсікті (форманы, түсті, тұтас түйсік), есті, зейінді, қиялды, кеңістіктік түсінікті, қолдардың ұсақ моторикаларын дамыту. 3. Ауызша және ауызша емес әдіс тәсілдерді қолдана отырып, тәжірибелік қарым - қатынастық біліктіліктер мен дағдыларды жетілдіру. 4. Қиялды, көрнекі – бейнелік ойлауды, сөздік - логикалық ойлауды, көрнекі іс - әрекеттік ойлауды, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту, балаларды белсенді іс - әрекетке және зейіннің шоғырлануына тәрбиелеу.

Міндеттері: 1. Танымдық сезімдерін дамыту (зейін, жады, қиял, қабылдау) 2. Интеллектуалдық ортаны қалыптастыру – ойлай білу, көрнекі - шынайылық, көрнекі - бейнелік, сөздік - логикалық, шығармашылық ойлау. 3. Эмоционалдық және коммуникативтік ортаны (қарым - қатынастың табысты ағымына қажетті, ауызша және ауызша емес құралдарды қолдана отырып) дамыту.

Құм терапиясына керекті құрал-жабдықтар:

Құм терапиясында стандартты өлшемде (50 x 70 x 8 см) ағаш тактай, құм, су және ұсақ пішіндер жиынтығы қолданылады. Құмзардың түбі мен жиегі көгілдір түске боялады, ол аспан мен суды модульдеуге мүмкіндік береді. - адам кейіпкерлері; - жануарлар (үй, жабайы, тарихқа дейінгі, теңіз және т. б.); - көліктер (құрғақта жүретін, суда жүзетін, ғарыштық және т. б.); - өсімдіктер (ағаштар, гүлдер, көкөністер, жаңғақтар және т. б.); - табиғи заттар (ұлуастар, бұтақтар, әр түрлі пішіндегі тастар және т. б.); - лақтырым материалдар (пластмасса ыдыстар, тығындар және т. б.); - Пластикалық немесе ағаш әріптер мен сандар, геометриялық пішіндер. Бір сөзбен айтқанда, қоршаған әлемде кездесетін заттың бәрі «коллекцияда» лайықты орынға ие бола алады. Егерде ойын кезінде қандай да бір бейнелердің фигуралары жетіспесе, оларды ермексаздан, камырдан илеп, қағаздан қиып жасауға болады.

Бала құм терапиясында тек қана қиял, көрнекі – бейнелік ойлауды, сөздік – логикалық ойлауды, көрнекі іс-әрекеттік ойлауды, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыта отыра процесс барысында бала өзінің ішкі қобалжуларын ішкі сезімдерін сыртқа ойын барысында фигураларды таңдау барысында толығымен өз назарын салады. Бала ойын барысында өзінің терең эмоционалдық қобалжуларын айта алады.

Құм терапиясының маңыздылығы:

· сөзбен айтып жеткізе алмайтын ойлаумен қобалжуларды сыртқа шығаруға көмектеседі.

· Іште туындаған қиын жағдайларды, шығармашылық потенциалдарын босатады.

Құм терапиясын 3 жастағы балалармен бастауға болады. Кейбір адамдар бұл әдісті психоанализге әкеледі деп ойлайды, бірақ менің тәжірибемде терапияның еркін әдісі екені көрсетіледі.

Өрекет үстіндегі құмды қолдану.

Тіл күзіреттілік дамыту сабақтарында мен келесі әдіс-тәсілдерді қолданамын:

1. Әңгімелесу «бөлмедегі құммен ойнау ережелері» бұл сабақта мен топтағы не істеуге болады және не істеуге болмайтының талқылаймыз (құмды шашуға, лақтыруға, басқа жерге тасуға т.б.)

2. Балаланың өз тәжірибесі туралы әңгімелесу «Құммен ойнағанда мен не сеземін». Балалар өз сезімдері, құммен ойнау барысындағы туындаған қиялдары туралы әңгімелейді.

3. Сусымалы құмды қарастыру (Құм сағаты) «Менің сезінулерім». Балалар сусымалар құмды, бірнеше рет аударып отырып бұл процесті өте ұзақ қарап отыра алады. Бұл көрініс оларды қатты қызықтырады. Содан кейін олар өз сезінулері туралы әңгімелейді.

Математика сабақтарында төмендегіндей жаттығуларды қолданамын:

1.«Өлше де сана». Балалар қасықпен құмды өлшейді және санын санайды.

2.«Түрлі өлшемдермен өлше». Бірдей мөлшердегі құмды балалар түрлі белгілері бар қасықтармен өлшеп салыстырылады және санын санайды.

Сурет сабақтарында келесі сабақ түрлерін қолданамын:

1. «Құммен сурет салуды үйренеміз». Осы сабақты балалармен бастапқы кезеңде әрқайсысымен жекелеп өткіземіз. Бір заттың бейнесін саламыз немесе көшірме қағаз арқылы бейнелейміз. Суреттің ортасына жіңішке қылқаламмен желім жағып үстіне құм себеміз, 1-2 минуттан соң артық құмды алып тастаймыз да, қайта өз ыдысына қалдық құмды саламыз.

2. «Суретті құммен саламыз». Сабаққа түрлі түсті гуашпен боялған және түрлі табиғи реңкі бар құмдарды қолданамыз. Түрлі түсті құмды біртіндеп желіммен әр түсті жеке алып отырып суретті шығарамыз.

3. «Бауырсақ және түрлі безендірілген қуыршақтар» дымқыл құмнан мүсіндеу.

Құм ойындары

Қыстың суық күндерін де сыртқа шығу мүмкін болмаған жағдайда балалармен құммен ойнайтын түрлі ойындар ұйымдастырылады.

Ойын түрлері:

1. «Ненің ізі».
2. «Келесіге бер»
3. «Сезімтал алақандар»
4. Еркін ойындар»

Бала тәрбиесінің басты ошағы отбасы десек, құм терапиясының маңыздылығы балабақша мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың болуына үлкен үлес қосады. Бала құммен ойынды тек балабақшада ғана ойнап қана қоймай, үйге барғанада

да сол ойынды жалғастырады. Осы орайда балабақша мен ата-ананың байланысын нығайту барысында ата-аналарға үйге төмендегідей тапсырмалар беріп отырамын.

Ұсақ моториканы дамыту жаттығулары:

1. «Коктейль трубочкалары»
2. «Моншақтар»
3. «Фасольды теру»
4. «Жіпті орау»
5. Сусымалы заттарды сапыру»

Қорытынды.

Қорыта айтқанда «Құм терапиясының» негізін қалаушы Карл Густав Юнг «Қиялдау - ол барлық мүмкіндіктердің анасы, онда қарама-қарсы сыртқы және ішкі дүние бірге қосылады» деген. Демек бала қиялындағы сөзбен айтып жеткізе алмайтын дүниесін құмға түсіре алатындығына көзім жетті.

Бала қолымен және табиғатпен жасалған шынайы, тартымды және тартымсыз пішіндерді қолданады, ал қолдан жасалған заттар шындықты қабылдауға көмектеседі.

Құм терапиясы арқылы баланың мынадай күзіндеттіліктерін дамыттым:

- Шығармашылық

- Танымдық
- Интеллектуалдық
- қарым-қатынас

Құмзар ойындарды, жаттығуларды пайдалану балалардың эмоциясын, шығармашылығын, зейіндерін, қабілеттерін дұрыс көзқарастарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Педагогикалық процестің негізгі бағыты әрбір жеке тұлғаның мәдениетін тәрбиелеу, әрбір баланың жеке дара ерекшелігін ескере отырып, қойылған міндеттерді іске асыруда жеке тұлғаны жан - жақты етіп қалыптастыру бірлікте шешімін табады. Заманауи инновациялық әдістерді мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында қолдану арқылы, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, жан - жақты дамуына «Құм терапиясының» тигізер үлесі өте зор



Тақырыбы:

**«Бала денсаулығын нығайту мен оларды
салауатты өмір салтына баулуда ата-
ананың ролі»**

Орындаған : медбике

2023 жыл

«БАЛАНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН НЫҒАЙТУМЕН ОЛАРДЫ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА БАУЛУДА АТА-АНА РОЛІ»

Отбасы балалардың денсаулыққа саналы көзқарасын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Баланың денсаулығына деген көзқарасы отбасында басталады. Салауатты болуға деген құштарлық ата-ананың қандай өмір салтына тәуелді екендігіне байланысты, өйткені бала сүйіктілерінің губка тәрізді мінез-құлқына бой алдырады. Ерте жаста бала гигиена мен санитарияның негізгі нормаларын саналы және жеткілікті түрде орындай алмайды, өз денсаулығына және басқалардың денсаулығына қамқорлық жасай алмайды. Мұның бәрі ата-анадан денсаулығын сақтауға көмектесетін өмір салтын қалыптастыруды талап етеді.

Әрине, балалардың денсаулығы отбасындағы өмір жағдайына, сауаттылыққа, ата-аналардың гигиеналық мәдениетіне және олардың білім деңгейіне тікелей байланысты. Көбінесе ата-аналар баланың денсаулығына дәрігерлердің немесе психологтардың көмегіне мұқтаж болған кезде назар аударады. Сондықтан бұл проблемаға назар аударып, ерте жастан бастап отбасында дамуына қолайлы жағдай жасау керек. Балаға ең жақсы отбасылық дәстүрлер көрсетілуі керек, адамның өміріндегі отбасының мәні мен маңыздылығын, баланың отбасындағы рөлін түсініп, ата-аналармен және басқа да отбасы мүшелерімен қарым-қатынас нормалары мен этикасын игеруі керек.

Бірақ ересектерді морализациялау туралы әңгімелер балаларға салауатты өмір салтын ұдайы қажет етпейді. Сондықтан, баланы оқытпас бұрын, ата-аналар бұл қажеттілікті өздері үшін дамыту керек. Өмірде маңызды ереже бар: «Егер сіз балаңызды сау етіп өсіргіңіз келсе, өз денсаулығыңызбен жүріңіз, әйтпесе оны жетектейтін жер болмайды!». Оқушының күндізгі режимі отбасылық тәрбиенің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады, ол еңбекке қабілеттіліктің жоғары деңгейін сақтауға, шаршауды жоюға және артық жұмысты болдырмауға мүмкіндік береді.

Отбасы үйдің ұтымды режимін - ұйқыны, оңтайлы моторлы режимді, рационалды тамақтану, қатаюды, жеке бас гигиенасын, адамгершілік-этикалық тәрбиені, денсаулықты бұзатындардан бас тартуды және т.б. ұйымдастырады. Балалардың денсаулығына қатысты тағы бір мәселе - теледидар көру және компьютерді пайдалану. Компьютер мен теледидар баланың көкжиегін, есте сақтауын, зейінін, ойлауын, үйлестіруін дамыту үшін пайдалы, бірақ ойындар мен бағдарламаларды таңдауда ақылға қонымды көзқараспен бағаланады, сонымен қатар баланың экран алдында 30 минуттан аспайтын үзіліссіз уақыты болады.

«Бала денсаулығын нығайту мен оларды салауатты өмір салтына баулуда ата-ананың ролі»





Тақырыбы: «Біз қалай балалармен сөйлесеміз?»

Орындаған Аскарова А.Р.

2023 жыл

Біз қалай балалармен сөйлесеміз?

Дәрігерлер, логопедтер мен психологтар қазіргі заманғы балалар сөйлеуді дамытуда неге артта қалады деген сұрақпен күресуде. Не экологияның әсері ме, әлде планшеттер мен смартфондардың кең қолданылуы және теледидарды туылғаннан бастап дерлік көреді ... Өйтеуір бір мәселе бар. Көптеген балалар тіл дамытуда артта қалады. Өрине, сөйлеуді дамыту жеке болып табылады, бірақ оның нормалары бойынша әлі де жуықтайтын терминдер бар. Бұл балаңызға сөйлеуге қалай үйрету керектігін ұсынуы мүмкін.

Сөйлеу алдындағы кезең

Жаңа туылған нәресте өзінің туылуын алғашқы айқаймен белгілейді. Бұл айқай бірден қатты және қатты болуы мүмкін немесе ынталандыруды талап етіп, тыныш және әлсіз болуы мүмкін. Бұл Апгар шкаласы бойынша жаңа туған нәрестенің жағдайын бағалау кезінде дәрігерлер ескеретін белгілердің бірі. Айқайлау - бұл әлі сөйлеу емес, сөйлеудің алғышарты. Оның көмегімен нәресте ашуы мен қажеттіліктерін білдіреді, ал аналар аштықты, ауырсынуды немесе интонация арқылы назарын аударғысы келетін айқайларды ажырата біледі. Тұтастай алғанда, бүкіл бірінші жыл - бұл сөйлеуге дейінгі кезең. Жылау барған сайын интонацияның түрлі реңктерімен байытылып, ашуланған нәрестенің қатты және шыдамсыз айқайымен қатар, оның «репертуарында» тыныш, жұмсақ және әр түрлі айқайлар пайда болады. Ақыры, шамамен 3 ай жүре бастайды.

Дыбыстау - «агу» дыбысына ұқсас, оны ыңырсыған кезде кесуге болады. Бала шалқасынан жатады және оған тіл түбірінің көмегімен дыбыстарды айту оңай, сондықтан алғашқы дыбыстар дауысты дыбыстармен үйлесіп G, K, X дауыссыздарына ұқсайды. Бұл өте шартты сипаттама, өйткені зырылдауықты артикул деп атауға болмайды. Өзіл-қалжың естіледі. Әрбір ата-ана бір және екінші кезенді ажырата алмайды - олар бір-біріне тегіс ағып кетеді. 6 айда нәрестелер отырады және позиция тіл мен еріннің ұшын қолдануға ыңғайлы. Дыбыстар әр түрлі болады. Сондай-ақ, нәресте тілдің буын құрылымын құлақпен және буындардың қайталанатын буынымен ұстайды: ма-ма-ма, ла-ла-ла. Ол оларды айтуға жаттықтырады, содан кейін олардан тұратын алғашқы сөздерді айту үшін. Айтпақшы, көптеген ата-аналар буындардың тіркесімдерін сөз үшін алады, бірақ «ба-ба-ба» деп қайталайтын бала әрдайым әжесін шақырмайды. Бұл дыбыстық тіркестердің мағынасы жоқ. Сөз мағыналы.

Баланың жылына сөйлеуі

Алғашқы сөздер жыл бойынша пайда болады деп саналады. Сәл ертерек немесе сәл кейінірек. Сөйлеуді дамытуда қыздар ер балалардан сәл отын кетеді. Бұл сөздер өте қарапайым және қысқа болуы мүмкін - «бер», «мама», «анана», олардың арасында опоматоней - «мяу», «ав» болуы мүмкін, олар «жүр» - «ди» сөздерінің бұрмаланған нұсқаларын білдіре алады. Бұл сөздер менгіл-менгіл пайда болады және жағдайға байланысты. Егер бір жылдан бір жарым жылға дейін ол тек шапқылдаса және алғашқы сөздер пайда болмаса, баланы сөйлеуге қалай үйрету керек деген сұрақ күн өткен сайын маңызды бола түседі.

Баланың 2 жаста сөйлеуі

2 жасында сөздік қоры жинақталады. Зерттеушілер осы жастағы балалардың сөздігінде шамамен 200 сөз бар. Балалар таныс заттарға сілтеме жасау үшін қарапайым сөздерді қолдана алады және «бай-бай», «юм-юм» сөздерін қолдана алады. Екінші жылдың аяғында баланың сөйлеуінде алғашқы қарапайым фразалар пайда болады. Олар қарапайым және қысқа: «Мама, маған беріңіз», «Әке, жүріңіз!».

Сондықтан, егер екі жастан бастап екі жарымға дейінгі бала алғашқы сөйлемдерді айта бастаса, біз сонымен бірге кешігу туралы сөйлесеміз. Баланы 2 жасында қалай сөйлесуге үйрету керек, егер ол мүлдем сөйлемесе, логопед сізге айтады. Егер ол сәл ғана артта қалса, сіз оның сөйлеу қабілетін өзіңіз дамытуға тырыса аласыз.

Баланың 3 жаста сөйлеуі

3 жасқа қарай фраза күрделене түседі, баланың сөйлеуінде предлогтар, конъюнкциялар, кей кейіптер, жекеше және көпше түрде пайда болады. Әрине, оның сөйлеуі әлі ересектерден өте алыс және көптеген грамматикалық формалар онда әлі байқалмаған. Сонымен бірге, бала кішірейтетін-аффективті қосымшаны (игг) қалай қолдануды біледі, етістіктерде префикстерді қолданады. Мысалы, «бару» сөзінен басқа, оның сөйлеуінде «келу» және «кету» сияқты етістіктер болуы мүмкін. Балалар әдетте жалпылауыш сөздерді біледі, мысалы, куртка, шалбар, футболка - бұл киім. Дыбыстық айтылу әлі тілдің нормаларына сәйкес келмейді - дауыссыздардың жұмсартылуы, Р, L және сибианттардың болмауы қалыпты жағдай.

Егер бала 3 жаста мүлдем сөйлемесе, тәжірибелі логопед баланы қалай сөйлесуге үйретуді шешеді. Тәуекел етпеңіз, уақытты жоғалтпаңыз, осы жаспен айналысатын және балаларда сөйлеуді индукциялау мен дамытуға мамандандырылған маман іздеңіз. Ойткені, көптеген логопедтер дұрыс айтылыммен айналысады. Бұл опция сіз үшін жұмыс істемейді. Алдымен, ең болмағанда, кейбір сөздер пайда болуы керек, сөйлемдерге бірігуі керек, содан кейін дыбыстар туралы ойлануға болады. Ақыр соңында, балалар өз

ойларын немесе эмоцияларын жеткізу үшін сөйлейді, ал керемет айтылған Р дыбысы бұған ешқандай көмектеспейді.

4 жас және одан үлкен

4 жасқа дейін сөйлемдер 5-6 сөзге жетеді. Балалар қазірдің өзінде күрделі және күрделі сөйлемдерді қалай қолдануды біледі, олардың сөздік қоры сын есіммен байытылған. 5 жасында олар монолог құрастыруға қабілетті болады, мысалы, суреттен әңгіме айту. Әдетте дыбыстың айтылуы қалыпқа келеді, бірақ 6 жасқа дейін ысқыру мен R дыбысының дұрыс айтылмауы.

Егер бала үнсіз болса

Егер нәресте сөздерді мүлдем қолданбаса, сіз жағдайды өздігінен босата алмайсыз. Ия, балалар 4, тіпті 6 жаста сөйлесіп, танымал адамдарға айналған жағдайлар бар. Балада жүйке-психикалық проблемалар аз емес, керісінше көп. Түзету неғұрлым ерте басталса, соғұрлым жақсы болады. Бұған логопедті ғана емес, сонымен қатар невропатологты, психологты және дефектологты тарту керек. Бұл жағдайда ықтимал зиянды зардаптарды уақытында азайтуға болады. Мектеп жасына дейін бала оқуға дайын болады - басқалармен қатар жазу мен оқу сөйлеу негізінде қалыптасады, тіпті сөйлеу түрі болып саналады. Сонымен қатар, ол басқа балалармен салыстырғанда артта қалуынан психологиялық күйзеліске ұшырамайды, өйткені оны уақыт өте алады



«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы:
«Бала тілін дамытуда
отбасының ролі»

Өткізген: Агадиева К.А.

2022-2023 оқу жылы

БАЛА ТІЛІН ДАМУДА ОТБАСЫНЫҢ РОЛІ

Отбасым - бұл кишігірім уақыт аралығында және кишігірім өмірлік кезістікте бір-бірін ауыстырып отыратын көптеген оқиғаларға бейімделген бірден-бір әлеуметтік топ.

Қауірет ата-аналардың алдында үндескен тілдік қарым-қатынас компоненті ретінде байланыстыра сөйлеуді тұлғалық қалыптастыруға жағдай жасау *mindent* түр. Мұнда мектепке дейінгі ересек жастың балалардың байланыстыра сөйлеуін дамытуда ата-аналардың қатысуы маңызды шарттардың бірі болып табылады. Маңызды шамада мұның өзі кезеңнің – мектепке дейінгі балалық шақтың сензитивтілігімен байланысты. Отбасында байланыстыра сөйлеуді дамыту отбасылық педогогиканың негізгі қағидасы болып табылады.

Зерттеушілердің анықтауынша, ересектердің басқаруынсыз байланыстыра сөйлеу өте баяу дамиды немесе мүлдем дамымайды. Әсіресе, бұл сөйлеу тілі бұзылған балаларға тән болып келеді. Байланыстыра сөйлеу негіздері баланың ересек адамдармен тікелей эмоционалды өзара әрекеттесуі негізінде орнығады. Эмоционалды-тұлғалық өзара әрекеттесу барысында сенім және эмоциялармен алмасуы орын алады.

Сөйлеу және есту органдарының дамуына, заттарды олардың сөзбен сипатталған белгілерімен салыстыру икемділіктерінің пайда болуына қарай, жақын айналасындағы заттарды түсінуі дамиды. Бұл баланың тілдік қарым-қатынасы дамуының бастапқы кезеңі болып табылады. Түсінуі, пассив сөздердің жиналуы негізінде белсенді тіл дамитын болады. Өмірінің екінші жылында сөздер грамматикалық тұрғыдан рәсімделеді және синтаксистік тұрғыдан жай сөйлемдерге біріктіріледі. Өмірінің үшінші жылында айналасындағы адамдардың сөзін түсіну қиындай түседі. Баланың сөздігі дамиды.

Диалогты тіл айналадағы адамдармен байланыс орнатудың маңызды құралы болып табылады. Баланың тілі жағдайлық сипатта, баланың түрлі әрекеттерге тез ауысуынан тікелей сипаттап келеді. Одан әрі балалар сөйлеуді қажет ететін түрлі іс әрекет түрлеріне көшеді (көркем, конструктивті, ойын).

Сөйлеу тілі – ауызша тілдің ең қарапайым түрі. Ол жағдайлық, эмоциялық сипатқа ие әрі қарапайым болып келеді, өйткені арнайы дайындықты қажет етпейді.

Байланыстыра сөйлеуге үйрету эстетикалық тәрбиеге де әсер етеді: әдеби шығармаларды қайта әңгімелеп айту, балалардың дербес шығармалары тілдің бейнелігі мен мәнерлілігін дамытады, балалардың көркем-сөйлеу тәжірибесін байытады. Өз тілінің даму барысында балалардың тілі олардың әрекет және қарым-қатынас сипатымен байланысты. Тіл дамыту бірнеше бағытта жүреді: басқа адамдармен қарым-қатынас жасауда оның практикалық қолданылуы жетілдіріледі, сонымен қатар сөйлеу психикалық үдерістерді қайта құрудың негізіне, ойлау құралына айналады. Мектепке дейінгі жастың соңына қарай тәрбиенің белгілі бір жағдайында бала тілді пайдаланып қана қойма, сонымен қатар оның құрылысын түсіне бастайды, мұның өзі кейіннен сауат ашуды меңгеруде ерекше маңызға ие.

Отбасы дамитын болса ғана, ол тұлғаның даму көзіне айналады. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың отбасында ата-аналарымен қатынас жасауы алуан түрлі іс-әрекетке байланысты: шаруашылық-тұрмыстық, еңбек және т.б. Ата-аналар сәбиімен үнемі қарым-қатынас жасайды, олардың ойынын ұйымдастырады, кітап оқу кезінде көркем шығарма авторларымен таныстарады. Соған орай отбасында тілдік ортаның дамытушы әлеуеті ата-аналар тілінің сапасына байланысты болады.

Үлкен отбасында аталар мен әжелердің болуы балалардың аға буын өкілдерімен күнделікті байланыс жасауы есебінен осы кемшіліктің орнын толтыруға мүмкіндік береді.

Баланың жеке қабілеттерін, бейімділіктерін, сөйлеу қабілетін ашуға қамқорлық жасау отбасының маңызды мәселесі болуы тиіс. Әр балада табиғи сөйлеу қабілеті бар, оны байқау керек және балалардың байланыстыра сөйлеуін дамытуда тірек ету қажет.

Сөйлеу қабілеті әрекеттен көрініс табатыны белгілі. Сондықтан баланың іс әрекеттің едәуір кең түрін иеленуге мүмкіндік беру керек (кұрастыру, тігу, сурет салу). Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың мәзмұндық өмірге мұқтаж болып келеді. Бос уақыт олар үшін қызықты істермен толығуы тиіс.

Отбасы баланың рухани өміріне қамқорлық жасауы, оның ой-өрісін кеңейтуі, толыққандылық, болмыс қуанышының сезінуіне жағдай жасау керек. Ерте балалық шағынан бастап бала көрермен, тыңдарман, оқырман болу қуанышына ие болуы тиіс. Отбасында баланы оқуға баулу, кітапқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу қажет. Кинофильмдер, спектакльдер, телехабарлар көру сияқты біріккен жұмыстар соңынан оқығанын, көргенін талқылау арқылы толықтырылуы керек.

Сондықтан өз тілін жетілдіруге қамқорлық жасау – әрбір ата-ананың адамгершілік және қоғамдық борышы. Ол өз бойында кейіннен балаларына беретін сөйлеу дағдыларын жетік меңгеруі тиіс.



«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы:
«Кішкентай көмекшілер»

Өткізген: Касымғалиева.М.О

2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: «Кішкентай көмекшілер»

Мақсаты:

Ойын арқылы балаларды жан - жақты дамыту. Байқампаздыққа, сезімталдыққа ұжым болып бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. Бастаған ісін аяғына дейін орындауға дағдыландыру. Өзінің және жолдастарының еңбегінің нәтижесін көруге тәрбиелеу.

Міндеті:

- Балаларды еңбек етуге баулу.

- Өз-өздеріне қызмет ете білуге тірек сызба ақылы дамыту.

Өз қалаулары бойынша рөлдерге бөлісіп ойнауға жағдай жасау.

Әдіс-тәсілдер: сурет бойынша жұмыс, сұрақ-жауап, әңгімелеу, әңгімелету, ойын ұйымдастыру.

Тәрбиені:

Балалар, карандашты бүгін күн қандай тамаша.

Балалар, сендер үйде аналарыңа көмектесесіңдер ме?

- Балалар, мен сендерге өздерің сияқты кішкентай балалардың аналарына көмектесіп жатқанын көрсеткім келіп тұр. (Суретті көрсету).

- Балалар, суретте ұл бала не істеп жатыр? Ыдыс жуып жатыр ма?

- Қандай ыдысты жуып жатыр?

- Қыз бала не істеп жатыр? Жуылған ыдысты сүртіп жатыр ма?

- Қыз бала қандай ыдыстарды сүртіп жатыр?

- Анасы не істеп жатыр? Ыдыстарды жинап жатыр ма?

- Балалар, енді менің әңгімемді тыңдаңдар.

Әңгіме : «Анасы кешкі астан кейін ыдыстарды жууға кірісті. Қыз баласы анасына ыдысты жууға көмектескісі келетінін айтты. Қызы ыдыстарды сүртіп тұруға рұқсат сұрады. Бәрі ыдыс жууға кірісіп кетті. Аналары жуылған ыдыстарды жинастырып тұрды.

Ұл балалар папаларына көмектесетінін айтты. Ол қуанып «Менің кішкентай көмекшілерім», - деді»

Сұрақтар қою арқылы бағыт береді.

Сергіту жаттығуы:

Бір, екі, үш

Бойға жинап күш.

Жаттығуды жасаймыз

Шынығуды бастаймыз.

- Балалар, енді «**Не жоқ?**» ойынын ойнайық. Ойын ұйымдастырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін байқау.

Табиғат бұрышындағы балалар алгоритм бойынша жұмыс істейді. Фартук киеді, керекті құрал-жабдықтарын алады.

Асханаға баратын балалар алгоритм бойынша жұмыс істеуге кіріседі.

Ұйымдастырылған іс-әректің қоры-тындылау. Балаларға ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша сұрақтар қою.. Балалар ойын барысында қойылған сұрақтарға толық мазмұнды жауап берді . 3. Ойын барысында балалар өздерін еркін ұстады. Берілген тапсырмаларды балалар жауапкершілікпен , тиянақты

орындады. Өзінің және жолдастарының еңбегінің нәтижесін көріп ризашылық білдірді. Өз өнерлерін, шеберліктерін көрсетті. Уақыт тиімді пайдаланылды. Ойынның кезеңдері бір - бірімен тығыз байланыста болды. Балалардың істеген еңбектері , сұраққа жауаптары арқылы жауаптары бағалай білуге тырыстым. Бала мен тәрбиеші арасындағы қарым - қатынас тығыз, түсіністікпен өтті деп ойлаймын. Балаларды мадақтау.



«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай -балабақнасы

Тақырыбы:

«Біздің досымыз - дәрумендер»

Орындаған:медбике

2023 -оқу жылы

«Біздің досымыз - дәрумендер»

Дәрумендердің ағзаға пайдасы

Мақсаты: Балаларға көкөністер мен жеміс жидектердің адам денсаулығына пайдасы жайлы түсіндіру. Олардың құрамы дәрумендерге бай екендігін, тұмау мен суық типі ауруына шалдыкнаудағы күресудің жолы екенін көрсету.

Витаминдер (дәрумендер) – денсаулық тірегі. Кейінгі кезде әлемдік ғылыми терминдерді бұзатын адамдар көбейіп кетті. Олар витаминді дәрумендер деп атау керек деп түсіндіреді. Бұл дұрыс емес.

Витаминдер деп химиялық табиғаты әр түрлі органикалық заттарды айтады.

Витамин латынша *vita* – өмір, *vitman* – тіршілік деген мағынаны білдіреді.

Олар тағамдық заттармен мағынаны береді. Олар тағамдық заттармен организмге түсіп, зат алмасуға, организмнің өсіп – өнуіне әсерін тигізеді. Организмнің қорғаныштық қабілетін арттыруда витаминдердің атқарартын міндеті өте зор. Егер тамақтану дұрыс жолға қойылмаса, яғни күнделікті пайдаланатын тағамдарымызда организмдерге қажетті витаминдер мөлшері жеткіліксіз болса, онда организм әлсіреп, олар әр түрлі ауруларға шалдығады. Витаминдер, сол сияқты, жоғары дәрежелі өсімдіктер мен микро-оранизмдердің қалыпты өсуі мен дамуы үшін қажетті заттар.

Витаминдердің классификациялары:

- 1)Алифатикалық витаминдер қатары(аскорбин қышқылы)
- 2)Алицикды витаминдер қатары
- 3)Ароматикалық витаминдер қатары
- 4)Гетероциклды витаминдер қатары

Тамақ азықтарында, дәрі – дәрмектік өсімдіктер мен басқа да заттардың құрамында кездесетін витаминдерді түрлі түсті сапалық реакциялар көмегімен ашуға болады.

Организмде В1 витаминінің жетіспеуінен жүйке жүйесі нашарлайды. Денеді В1 витамині жетіспегенде фермент азаяды да, қанда пирожүзім қышқылы көбейіп кетеді, ақырында ол нерв жүйесіне зақым келтіріп, адамды ауруға шалдықтырады. Тиамин ашытқы, сәбіз, сүт, бауыр құрамында көп кездеседі.

Бұл тағамдарда тиамин таза, не қосынды – тиамин пирофосфат және карбоксилаза түрінде кездеседі.

«Біздің досымыз - дәрумендер»

